

<i>Кіші топ</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№31				
<i>Күндері</i>	11.04 - 15.04.2022				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Көктемгі ағаштар / Весенние деревья / Spring trees				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Далабаева .М.Қ.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. Әңгімелесу: "Отбасыдағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?"				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары сөресінің шаңын сұртуға ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Ойын-имитация (қимылды жаттығу) "Жас қарағай". Мақсаты. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: қарағайдың суреті. Жас қарағай Жас баладай Қаз тұрды да, бойлайды. Тауды аралай, тасты аралай, Жүгіріп жел, ойнайды. Ш. Мәмбетов	Саусақ жаттығуы. "Тамшылар". Мақсаты. Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен ойдағыдай қимылдарды жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру. - Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау) Таратып мың шуақты. Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып, жұму, толқындар жасау) Ағызып мың бұлақты. Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау) "Там-там-там" – деп соғады, Шатырдан жерге түсіп, Шалшық бетін қағады. Д. Ахметова	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ" (ел аузынан) Мақсаты. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауыз әдебиетінде сақталған тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. - Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Торғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған.	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Шай ішуге шақырамын". Мақсаты. Балаларға мысық, күшік, тауық сияқты жануарлар мен құсты шақыратын сөздерді айтқызып, олардың жағымды эмоцияларын дамыту, тілін жаттықтыру; үй жануарларының адамның жанында болатыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. - Шай ішуге шақырамын Қош келдіңдер, қонақтарым! - Кел, кел, мысық, Кел, кел, күшік, Кел, кел, тауық, Орын дайын. - Мысық, кіс-кіс, Күшік, кө-кө, Тауық, шиип-шиип, Шайым дайын. Мысыққа қаймақ, Күшікке жілік, Тауыққа бидай. Ал кім ішеді шай? Д. Ахметова	Пішін салғыш ойыншықпен ойын. Мақсаты. Балаларды геометриялық пішіндерді өлшемдеріне сай ойықтарға салуға ынталандыру; ойлау қабілеттерін, қолдың моторикасын дамыту. Құралдар: әрбір балаға бір пішін салғыш ойыншығы. - Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға сай салайық.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. - Дәмді тағам дайын, пай, пай ... Шақырады шебер аспаз апай (ағай): - Қасықтарыңды дайындаңдар! Асықпаңдар, асықпаңдар ...				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіңдер ме, ағаштар! Сәлеметсіңдер ме, үйлер! Сәлеметсіңдер ме, гүлдер!				

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Жасыл желек". Мақсаты. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның ұшын бояуға малып, біркелкі қимылдармен ағаштың ең биік басына жақпалар жағып отыруға үйрету; қылқаламның түгінде бояудың бітіп қалмауын үнемі қадағалауға дағдыландыру; қылқаламмен салынған "жапырақтарды" байқап, бос жерлерге қайта салу қабілетіне баулу; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; жасыл желектің тек көктемде болатыны туралы түсінік беру. Дене шынықтыру. "Егейік көктем ағашын". Мақсаты. Балаларды құм салынған қаппарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білуге үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге жаттықтыру; құм салынған қаппарды екі қолмен кезек лақтыру техникасын меңгерту.Балалардың құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білу қабілетін дамыту; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; құм салынған қаптарды екі қолмен кезек лақтыруда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; құм салынған қаптарды екі қолмен кезек лақтыру техникасын меңгерту; лақтыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. <i>"Ұядағы құстар" қимыл ойыны.</i>	Сөйлеуді дамыту. "Көктем келді". Мақсаты. Балаларға көктемгі құбылыстар және көктемгі ағаштар туралы түсінік беру; сурет бойынша сұрақтарға жауап беруде байланыстыра сөйлеуін жетілдіру; көктем туралы жаттамақтарды айту арқылы көктемгі құбылыстарды бақылауға үйрету. <i>"Не керек?" сөздік жаттығуы.</i> Музыка. "Жасыл желек" Мақсаты. Педагог балалардың ән айту кезінде орындықта дұрыс отыру қалыптарын қадағалайды. Ән айтуда балалар тез шаршап қалмас үшін дұрыс тыныс алу техникасын жетілдіру үшін дауыстық аппаратқа арналған қысқа және ұзақ демді алу жаттығуын жасатады. Бұл жаттығулар баланың дыбыстық аппаратын жетілдіріп, ән айту кезінде еркін дем алып, дем шығаруына жағдай жасайды. <i>"Ұқсас жапырақтарды тап" ойыны.</i>	Сенсорика. "Пойызбен саяхат." Мақсаты. Балаларды заттардың түсі мен көлемі және пішіні бойынша салыстыру, ажырата білу іскерлігіне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеттері мен сапалары туралы білімдерін өртүрлі жаттығуларды қолдану арқылы жетілдіру; түстері біркелкі, ұқсастығы шамалы бірыңғай пішіндердің сәйкестігін байқауға дағдыландыру. <i>«Кім өкөн?» ойын-жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Еңбегіне қарай өнбегі." Мақсаты. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін жүргізу; психогимнастика жасау іскерліктерін дамыту; құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыру техникасын жетілдіру; ептілікке тәрбиелеу. <i>"Көгершіндер мен мысық" қимыл ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Аққайың". Мақсаты. Балаларды аққайыңды бақылай білу негіздеріне үйрету; аққайыңның өзге ағаштардан ерекшеліктерін байқау дағдыларын қалыптастыру; аққайың туралы жалпы түсінік беру. <i>"Аққайың тұр көгалда" қимыл ойыны рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Еңбек ептілікті сүйеді." Мақсаты. Балаларды бір қатарға тұрғызып, құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыру техникасын дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. <i>"Қапты досына бер" қимыл ойын.</i>	Жапсыру. "Алқаны жинайық". Мақсаты. Балаларды екі түсті, көлемі бірдей домалақ пішіндерді доғал сызықтың бойына орналастыруға үйрету; домалақтардың (моншақтар) түстерінің сәйкес келуін байқауға дағдыландыру; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып жапсыру, сүлгіні қолдану іскерлігін қалыптастыру; балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту; балаларды ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу; жапсыру іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру. <i>"Моншақтар" ойын рефлексиясы.</i>
--------------------------------------	--	--	---	--	--

Серуен	Аспанды бақылау. Мақсаты. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанынын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту. - Тап-таза көгілдір алаң, Бұл - жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Қаздар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып бұлғап, барлығың жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Көмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Көмпит, төтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. С. Бегалин "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	Бұлтты аспанды бақылау. Мақсаты. Балаларға күн райының бұлтты болуы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жаууы мүмкіндігін туралы байқату. - Аспанды тез бұлт алды, Ақ жаңбыр бір тыңбайды. Енді талдың бұтағы Бұрасаң да сынбайды. М. Достанов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. Мақсаты. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсаты: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, елтілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	Ағаштарды бақылау. Мақсаты. Балалардың ағаштар құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. "Желектер". Желде тұрған желектер (алақандарды ашып, саусақтарды тікірейту) Діңгегімен қоса теңселер, (қолдарды шынтаққа қойып, шайқау) Бұталарды шайқайды, (қолдармен оң-солға бұлғау) Жапырақпен ойнайды. (саусақтармен жыбырлату) Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; елтілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды. - Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды. - Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша. - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шықса, тышқандар інге жүгіріп, тығылып қалады. - Қанекей, орындарымызға барып отырайықшы. Педагог көркем сөзді қолданады. - Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден сығалайды. Ешкім жоқ болса олар Аулаға шығып ойнайды. Ай-ай-ай! Тышқандар-ай, Жақындайды мысықай! Шеңберден асыңдар, Қашыңдар! Д. Ахметова Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескереді, сондықтан дауыс күшін реттеу керек. Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін	Бұлттарды бақылау. Мақсаты. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. - Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. - Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар". Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Ұшақтар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балалардың ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу. Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады. - Балалар - бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай, алаң. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады. - Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" десем - сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер. - "Ұшақтар, алаңға!" десем - менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар. Келістік пе? Бастайық. - Қане, ұшақтар, ұшыңдар! Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у"! Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды. Ойын екі рет жүргізіледі. Педагог балалардың бір-біріне	Желді бақылау. Мақсаты. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, ағаштарға қараңдаршы. - Бұтақтары шайқала ма? - Бұтақтары шайқалғаны нені білдіреді? - Иә, жел соғып тұр. - Жарайсыңдар. "Көктем тойын бастады". Төнді балқып күн қызып, Жылу алды көктем жер Қардың астын су бұзып, Есті жылы өпкек жел. М. Жаманбалинов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз. Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Өткеншек" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, өткеншек, Айнала бер бізбенен.
----------------------	---	---	---	--	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны. Мақсаты. Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе катпа қағаз). Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.	"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылу қасиеті жөнінде ұғымдарын ұстап, сипап көру арқылы қалыптастыру. Шарты. Дорбада жатқан затқа (ойыншыққа) қарамай, ұстап-сипап танып, атап, ойынға алуға мүмкіндікті алу. Құралдар: дорба, дорбаға салынған түрлі ойыншықтар мен заттар.	Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" Мақсаты. Балаларға түйенің су ішкен кездегі қылықтары жөніндегі ұғымдарды игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға түйенің маскаларын кигізу, ойыншық ыдыс ойыншықтарын ұсыну. "Түйе қалай ішеді?" - Ұзын мойынын қашыққа Бұрып-бұрып ішеді. Асық мейлі, асықпа, Тұрып-тұрып ішеді. - Себебі не сондағы? - Сабырлы, нық болғаны. С. Боранбаев	Ойын-имитация. "Бақа" Мақсаты. Балаларға бақаның тіршілігі жөніндегі қарапайым түсінік беру, педагогтің сөздерін тыңдап, қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға бақалардың маскаларын кигізу. - Жап-жарық, жылы күнде, Жап-жасыл шөп үстінде, Жап-жасыл көйлек киген, - Бақ-бақ-бақ, - бақа деген. - Бадырақпын, Бақылдаймын. Достарымды Шақырамын. - Бақ-бақ! Қайдасыңдар? Бақ-бақ! Неге шықпайсыңдар? Д. Ахметова	"Аңдар не істей алады?" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Балалардың аңдар мен құстардың қимылдарын байқауға, сәйкес еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, сөреден алып беруге, атауға, киіну рәсіміне қатысуға, киімін шешіп, орнына апарып ілуге, салуға талпындыру.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Кір қысқыштармен жаттығулар. "Ағаш".	Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Жас қарағай". Жас қарағай Жас баладай Қаз тұрды да, бойлайды. Тауды аралай, тасты аралай, Жүгіріп жел, ойнайды. Ш. Мәмбетов	Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" "Түйе қалай ішеді?" - Ұзын мойынын қашыққа Бұрып-бұрып ішеді. Асық мейлі, асықпа, Тұрып-тұрып ішеді. - Себебі не сондағы? - Сабырлы, нық болғаны. С. Боранбаев	"Балық". Мақсаты. Ермексазdan кесектерді үзіп, жұлу, есу, шымшу амалдарын игерту.	"Торғай-торғай тоқылдақ" қимыл жаттығуы. (Ел аузынан) - Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Торғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Отбасындағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?"
---	---

Тексерген; Бекишева .М.А. 